



БЕКІТЕМІН:

Мектеп директоры:

Келісемін:
Оқу ісінің меңгерушісі
Кусайнова Б.Т.

« 1 » 09 2022.

ӘБ отырысында қаралды

Хаттама № -----

Куанышбекова М.А.

« 01 » 09 2022

Перспективалық жоспар

Тоғанас ауылының негізгі орта мектебі КММ
Мектепалды даярлық сыныбы
2022-2023 оқу жылы

Жоспарды құрастырған: Мухамеджанова Г.Р

Қаралды:
бірлестік
отырысының хаттамасы:
№1. 01.09.2022ж

Тексерілді:
Әдіскер
Кусаинова Г.Т
01.09.2022 ж

Бекітемін:
Мектеп директоры
Бокишев Т.К. 01.09.2022 ж



Түсінік хат

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығына 1-қосымша және Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» негізінде жасалды. Оқу жұмыс жоспары мектепке дейінгі мектепалды даярлық сыныптарының ерекшелігін ескере отырып, білім беру мекемесінде білім беру процесін ұйымдастырудың нормативтік құжаты болып табылады. Тәрбие-білім беру процесі балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу қабілеттерін дамытуға, дене бітімін дамытуға, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 1-қосымша, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру үшін балалар қызметінің әртүрлі түрлері арқылы ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекетті интеграциялау арқылы жүзеге асырылады. Мектептің мектепалды даярлық сыныбы үшін нормативтік жүктеме аптасына 20 сағатты құрайды. Мектепалды даярлық сыныптарының білім беру үрдісі перспективалық жоспарға, циклограммаға сәйкес жүзеге асырылады. Перспективалық жоспар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде құралған. Әр бір ұйымдастырылған іс-әрекетінің арасындағы үзіліс ұзақтығы 10-12 минут болуы қажет, бұл кезде бірқалыпты қарқындылықпен қимыл-қозғалыс ойындары ұйымдастырылады.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 – 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: “Тоғанас ауылының негізгі мектебі”КММ

Топ:Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жастағы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек 2022 ж.	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. "Қол кеуденің алдында" қалпынан қолды жанына қарай созу, "қолды желкеге қою" қалпынан қолды жоғары көтеру және жанына қарай созу; қол саусақтарын айқастыру "құлып", алға-жоғары көтеру (алақанды сыртқа қарай айналдыру); қолды бір мезгілде жоғары-артқа және кезектесіп көтеруге үйрету.</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру. Сапта бір қатармен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүруге жаттықтыру; Жүгіру. Шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап жүгіруге үйрету, Секіру. Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіруге үйрету, Лақтыру, қағып алу, домалату. Қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру, допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып, қос қолмен қағып алуға жаттықтыру (4–5 рет). Еңбектеу, өрмелеу. Биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей, бүйірімен еңбектеу, гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеуге үйрету. Тепе-теңдік сақтау. Заттардан аттап жүру, шектелген беткей үстімен адымдап, аяқ ұшымен жүруге үйрету. Сапқа тұру, сап құрылымын өзгертіп қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, сап түзеуден бір және екі, үш қатармен қайта тұруға жаттықтыру. Спорттық жаттығулар. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорттық ойындар. Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Танертенгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және аяқтың өкшелерін нығайту.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б – п, дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға үйрету; Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.</p>

	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы.Түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін дамыту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету.</p> <p>Шығармашылық сөйлеу қызметі. Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және сонын ойдан шығаруға үйрету;</p>
Көркем әдебиет	<p>Оқу, әңгімелеу. Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу.</p> <p>Мәнерлеп оқу. Балаларды дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отыра үйрету.</p> <p>Мазмұндау. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып мазмұндауға үйрету.</p> <p>Шығармашылық әңгімелеу. Тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен сонын ойлап таба білуге үйрету.</p> <p>Балаларды театр мәдениетіне баулу. Балалардың театр ойындарына оң көзқарастарын қалыптастыру.</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.</p>
Қазақ тілі	<p>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру..</p> <p>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту</p>
Математика негіздері	<p>Жиын. Сандар түрлі жиындардың көрсеткіштері екендігі және жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту.</p> <p>Сан және санау. Математикалық терминдерді қолдана білуді, 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету.</p> <p>Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын белгілей білуге, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Дөңгелек және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақшамен таныстыру.</p> <p>Кеністікті бағдарлау. Заттың кеністікте орналасуын үйрету (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде);</p> <p>Уақытты бағдарлау. Таңертен, түс, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p>Салмақты өлшеу. Заттардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға үйрету.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Туыстық байланыс, өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата- анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін, балабақша, топ атауын, нөмірін айта білу, үйден балабақшаға дейінгі жолды анықтау туралы түсініктерін қалыптастыру;</p> <p>Заттар әлемі, кеністікте бағдарлау. Заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың сөйлеу тіліне түрлі заттардың атауларын нақтылап, енгізу, таныс емес заттардың қолданылуын түсіндіру.</p> <p>Көлік , байланыс құралдары. Көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсінік беру;</p> <p>Ересектердің еңбегі. Әртүрлі мамандық иелері туралы, еңбектің мазмұны, сипаты және еңбек нәтижесінің маңызы туралы үйрету.</p> <p>Менің Отаным- Қазақстан. Еліміздің рәміздері. Отан туралы, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Қазақстан Республикасының әскері. Ел қорғаудың ардақты міндет екендігін түсіндіру арқылы Қазақстан Республикасы әскері туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Жолда жүру ережелері. Балалардың жолдың жүріс бөлігі, осьтік сызық туралы ұғымдарын бекіту.</p>
Құрастыру	<p>Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру. Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету.</p>

	Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру.
Сурет салу	Заттық сурет салу. Балаларды елестету және заттарға қарап гүлдер, көкөністер, жемістер, ойыншықтар, күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру. Сәндік сурет салу. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу іскерліктерін бекіту. Түрлі өлшемдегі өрнекті элементтерді үйлестіру, ақ және түрлі түсті қолдана отырып, түстерді таңдауды қолдануға үйрету; Сюжеттік сурет салу. Бейнелерді бүкіл паракқа, бір сызықтың бойына, жалпақ жолақшаға орналастыру біліктерін қалыптастыру.
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеуге үйрету. Сәндік мүсіндеу. Балаларды халық ойыншықтарымен таныстыру, ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету. Сюжеттік мүсіндеу. Балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануды және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру. Бейненің ерекше қасиетін, адамның қимылын анық көрсетуге, сырт келбетін әдемі безендіруге үйрету.
Жапсыру	Заттық жапсыру. Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: жолақшаларды тікбұрыштар етіп кию, шаршыларды үшбұрышты етіп кию, шаршы немесе тікбұрыштың шеттерін кию арқылы дөңгелек пен сопақша пішіндерді қиып алуға үйрету. Сәндік жапсыру. Түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету; Сюжеттік жапсыру. Балаларға қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету. Жапсыруларды құрастыру барысында объектілердің көлемі бойынша қатынасын, заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре білу іскерліктерін меңгерту.
Музыка	Музыка тыңдау: Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату. Ән айту: Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындауға үйрету. Ойындар, хороводтар. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүруге үйрету. Би шығармашылығы. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: “Тоғанас ауылының негізгі мектебі”КММ
Топ:Мектепалды даярлық сыныбы
Балалардың жасы 5 жастағы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан 2023ж.	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүру.Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру. Тепе-теңдік сақтау.Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы кадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Жүгіру.Шашырап, жұппен жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу.Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу. Секіру.Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату.Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу. Сапқа тұру,сап түзеу , сапқа қайта тұру.Сапқа бір, екіден тұруға үйрету. Музыкалық –ырғақтық қимылдар: Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар.3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар.екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); Арқаға арналған жаттығулар.Отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет) Спорттық жаттығулар. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорттық ойындар. Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p>

	<p>жабдыктары бар ортаны құру.</p> <p>Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Танертенгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және аяқтың өкшелерін нығайту.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г – ғ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын реттеу.</p> <p>Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Етістіктерді жалғаулармен қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. әңгімелесушіні мұқият тындап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу.</p> <p>Шығармашылық сөйлеу қызметі. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соның ойдан шығаруға дағдыландыру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.</p> <p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соны).</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы) сөздермен толықтыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі,) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру.</p>

Сан және санау.10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 7, сандарының пайда болуымен, «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.

Шама.Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі) салыстыра білуге үйрету.

Геометриялық фигуралар.Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.

Кеңістікті бағдарлау.Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта);

қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа,

Уақытты бағдарлау.Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.

Қоршаған ортамен таныстыру

Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке

баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін

түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтыласын арттыру, жананы тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды

игеруге ықпал ету.

Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың

қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау,

олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.

Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.

Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін

олардың жабдыкталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б.

қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

Еңбекке баулу. Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну.

Адамгершілікке баулу. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-

әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс

қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп

тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға

қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.

Менің Отаным- Қазақстан. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік мерекелер, Қазақстан Республикасының

рәміздерін, Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын

түсіну. Мемлекеттік Әнұранды жатқа білу, оның маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің

(Тәуелсіздік, Республика күні, жаңа жыл, Наурыз, Ғарышкерлер, аналар мерекесі, Отан қорғаушылар, балалар,

астана күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.

Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу

жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының

қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар»,

«трамвай аялдамасы», «автобус аялдамасы», «жаяу жүргіншілер жолы», «велосипед жолы» белгілерін білу.

Табиғатпен таныстыру.Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат»

ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын

адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.

Өсімдіктер әлемі.Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы

түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.Нанға ұқыпты қарауға,

бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Жануарлар әлемі. Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың

	өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа байланысты құрастыру.</p> <p>Қағаздан құрастыру. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</p> <p>Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету.</p>
Сурет салу	Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар).
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Жапсыру	<p>Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер қиып алу.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.</p> <p>Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы кадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p>Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: “Тоғанас ауылының негізгі мектебі”КММ

Топ:Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жастағы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша 2022 ж.	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүру. Аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру. Тепе-теңдік сақтау. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру. Жүгіру. Қатармен бір-бірден, екеуден жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Кедергілер арасынан еңбектеу. Секіру. Екі тізенің арасына қапшықты қысып алыпсекіру. Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Үш қатармен тұру. Музыкалық –ырғақтық қимылдар: Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; Кеудеге арналған жаттығулар. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет) Арқаға арналған жаттығулар. Стретчинг элементтері бар жаттығуларды орында Спорттық жаттығулар. Спорт түрлеріментаныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Спорттық ойындар. Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. Қимылды ойындар. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруына жағдай жасау. Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің</p>

	тазалығын бақылау, қол - аяқтарын жуу, тіс тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл шүберекпен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Таңертенгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және аяқтың өкшелерін нығайту.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты жіне айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз к – қ дыбыстарды дұрыс , анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын реттеу. Сөздік қор. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; Байланыстырып сөйлеу. Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Шығармашылық сөйлеу қызметі. Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру.
Көркем әдебиет	Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.
Сауат ашу негіздері	Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Сөздік қор. Азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы)сөздермен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.
Математика негіздері	Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (пішіні) құру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату. Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 8, сандарының пайда болуымен, «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. Шама. Заттардың (5 және одан артық) биіктігін анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (пішіні) салыстыра білуге үйрету. Геометриялық фигуралар. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. Кеністікті бағдарлау. Кеністік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеністікте орналастыру (оң жақта); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа. Уақытты бағдарлау. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау.

Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу.</p> <p>Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.</p> <p>Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Еңбекке баулу. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Адамгершілікке баулу. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.</p> <p>Менің Отаным- Қазақстан. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік мерекелер, Қазақстан Республикасының рәміздерін, Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік Әнұранды жатқа білу, оның маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің (Тәуелсіздік, Республика күні, жаңа жыл, Наурыз, Ғарышкерлер, аналар мерекесі, Отан қорғаушылар, балалар, астана күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.</p> <p>Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «трамвай аялдмасы», «автобус аялдмасы», «жаяу жүргіншілер жолы», «велосипед жолы» белгілерін білу.</p> <p>Табиғатпен таныстыру. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.</p> <p>Жануарлар әлемі. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: өзбетінше ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</p> <p>Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру.</p>
Сурет салу	<p>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнгерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.</p>

Мүсіндеу	Бакылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі калыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымкыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын кию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Ән айту. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p>Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Музыкалық (сазсырнай, тұяқтас) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Н.Наушабаев атындағы мектеп-гимназиясы»КММ

Топ: мектепалды «А» сыныбы

Балалардың жасы : 5 жастағы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
